

Мемлекеттік орман қоры учаскелерін орман иелену құқығымен беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 22 сәуірдегі № 305 қаулысы

Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 12-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес:

1) "Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Шелек орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне ауданы 12946 гектар мемлекеттік орман қорының учаскелері;

2) "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Байғанин орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне ауданы 30000 гектар мемлекеттік орман қорының учаскелері;

3) "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Орқаш орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне ауданы 56895 гектар мемлекеттік орман қорының учаскелері;

4) "Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының "Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Қарағанды шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне ауданы 16685 гектар мемлекеттік орман қорының учаскелері;

5) "Жамбыл облысының әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Ұланбел ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне ауданы 368086 гектар мемлекеттік орман қорының учаскелері;

6) "Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Үлкен Нарын орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне ауданы 87780 гектар мемлекеттік орман қорының учаскелері;

7) "Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасының "Жасыл белдеу" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне ауданы 3578,57 гектар мемлекеттік орман қорының учаскелері мемлекеттік орман қорын күзету, қорғау, ормандарды молықтыру және орман өсіру, мемлекеттік орман қорының кешенді пайдаланылуын ұйымдастыру үшін орман иелену құқығымен берілсін.

2. Алматы, Ақтөбе, Жамбыл, Қарағанды мен Шығыс Қазақстан облыстарының және Шымкент қаласының әкімдері Қазақстан Республикасы Экология және табиғи

ресурстар министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2026 жылғы 22 сәуірдегі
№ 305 қаулысына
қосымша

Орман иелену құқығымен берілетін мемлекеттік орман қоры учаскелерінің экспликациясы

гектар

Орман пайдаланушының атауы	Жалпы ауданы	оның ішінде								
		Орманды жерлер				Ормансыз жерлер				
		Барлығы	оның ішінде			Барлығы	оның ішінде			
			орман көмкерген	орманның жинақталмаған ағаштары	орман көмкермеген		шабындықтар	жайылымдар	жолдар	баска жерлер

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
" Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің " Шелек орман шаруашылығы" коммунальдық мемлекеттік	12946	6063	5842	41	180	6883	29	3830		2968

ттік мекемесі								56	
"Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Байғанин орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі" коммунальдық мемлекеттік мекемесі	30000	10000	10000	-	-	20000	-	20000	-
"Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Орқаш орман	56895	9300	9300	-	-	47595	-	3595	44000

ы н қалалық жайлы ортаны дамыту басқарм асының "Жасыл белдеу" коммуна лдық мемлеке ттік мекемес і	3578,57	3523	2003	132	1388	55,57	-	-	19	36,57
---	---------	------	------	-----	------	-------	---	---	----	-------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК